





Шағыров Ахмадия

1922 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Бүйректал ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Торғай АӘК-нан әскерге шақырылған. Шұбаркөл станциясында 6 ай әскери дайындықтан өткеннен кейін Калининград майданына жіберілген. 1942 жылы маусым айында кезекті ұрыс кезінде аяғынан ауыр жараланып Свердловск облысы Сухолов ауданындағы госпитальде емделіп, 1943 жылы мүгедек болып елге оралған. Елге келген соң Әуликөл ауданындағы трактористер дайындайтын курсты бітіріп, зейнеткерлікке шыққанша Бүйректал совхозында озат механизатор болып жұмыс істеген. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «В.И.Лениннің туғанына – 100жыл» және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. 2012 жылы қайтыс болған.